«АББӨЗ» РМҚК
Көрсетілген құжатқа № 892
«01» 07 2024 ж.
Жақсылыков Т.
Қанағаттандыруға болмайды
Директордың м.у.а. Б. Мұхатжиев

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97,
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

06.05.2024 № 2301-24-5-21/6746

«Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына
Атырау қаласы, Атырау с/о, Жаңаталап с/сы, Атырау-Дамбы трассасы, 140,
8 702 533 52 25

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Олжа» - Алия Рахмановна Ахметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша 2024 жылғы 27 наурызда шыққан шешім көшірмесін және атқару парағын орындауға ұсыну үшін жолдайды.

Қосымша: атқару парағы 1 - дана, шешім көшірмесі 1 -дана.

Судья **А.Султангалиева**

Орынд.: Исембаева Р. М.
тел.: *8-7122-20-18-18, 712-2465(@sud.kz*

Құжатты жасаған: ИСЕМБАЕВА Р. М., 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: СУЛТАНГАЛИЕВА А. Е., 06.05.2024 11:58

ҚР ЖҚАЖ 2015 жылғы 7 тамыздағы №345-V ҚРЗ Заңының 7 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес қағаз тасығыштағы құжаттың электрондық көшірмесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 наурыз №2301-24-00-2/118 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Олжа» - Алия Рахмановна Ахметова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Сағындыков,
талап қоюшы өкілі Т.Ж.Жарылгасинов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 09 қарашада тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №161 келісім-шарт жасақталды. Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге «Арқан» (полиамидті, диаметрі 8-112мм) түріндегі тауарды келісім шартқа қол қойғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 08 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкер міндеттемелерді орындамағанын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың

қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 05 қаңтарда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

Құжатқа қол қойылған: Сұлтан-Галиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024 Сұлтан-Галиева А. Е., 06.05.2024

сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 09 желтоқсан мен 2014 жылғы 04 қаңтар аралығындағы 27 күн үшін 10 794 теңге деп есептеген.

Алайда, бұл есеп түзетілуге жатады. Өйткені, шарттың 8.1 тармағына сәйкес шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылдғы 31 желтоқсан деп белгіленген және одан кейінгі мерзімге шарттың қолданыс мерзімі немесе міндеттемені орындау мерзімі ұзартылмаған. Демек, 2024 жылғы 01-04 қаңтар аралығында тараптар арасында шарттық қарым-қатынас тоқтатылған, сондықтан аталмыш уақытта шарттың тұрақсыздық айыбы есептелуге жатпайды. Демек, 2023 жылғы 09-31 желтоқсан аралығындағы 23 күнге тұрақсыздық айыбының мөлшері 9 177 теңгені құрайды.

Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою ішінара қанағаттандырылуға, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 9 177 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді. №2 талаптың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден сот шығыны өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Олжа» - Алия Рахмановна Ахметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Олжа» - Алия Рахмановна Ахметова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Олжа» - Алия Рахмановна Ахметовадан талап қоюшы «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 9 177 (тоғыз мың бір жүз жетпіс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 275 (екі жүз жетпіс бес) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыны өндірілсін.

Талаптың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024. Сулия Султангалиева А. Е. 06.05.2024

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024 Судья Султангалиева А. Е. 06.05.2024